



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Маннап Фариза Русланбекқызы

fariza_97.m@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., проф. м.а. М.К.Ахметова

Адам және көркем мәтіндегі оның тілдік бейнесінің қолданылу ерекшелігі қазіргі антропологиялық бағытты ұстанған лингвистика саласының зерттеу нысанына айналып отыр. Көркем мәтіндегі адам мінездемесі – сол дәуірдегі, не сол халықтың сипаты болғандықтан, халықтың ең көркем әдеби мұрасы – фольклорлық туындыларға зерттеу жұмысын жан-жақты жүргізген дұрыс.

Фольклорлық мәтін – тұтас халықтың, яғни көп адамның еңбек жемісі. Себебі фольклорлық туындылар белгілі бір халық ұжымының арқасында өз мағынасын және ұлттық құндылығын жоғалтпай осы күнге жетіп отыр. «Ертегінің түп-төркіні сонау ерте дәуірлерден басталады, ол адамзат қоғам болған кезінде пайда болған. Көне миф, ырым-жораға байланысты аңыздар т.б. Осының бәрі белгілі кезеңдерде, әртүрлі қоғамдық даму процесінде өзгере келе ертегіге айналған. Қазақ ертегілері де басқа халықтардың ертегілеріндей тақырыбы сан-алуан, қоғамның өмірінен кең мағұлмат беретін, көркемдік маңызы зор халықтың сөз өнерінің бір саласы, Белинский сөзімен айтқанда «Халық жанының айнасы» [1, 85].

Әдебиеттің осы жанры арқылы біз адамның кім екендігін, оның табиғаты және оның әлемдегі орны, қоршаған ортамен байланысы қандай екендігін біле аламыз. Әрине, адамның тілдік бейнесін кез-келген жанрдағы көркем туындыдан көруімізге болады. Дегенмен, ертегілер, соның ішінде қиял-ғажайып ертегілері фольклордың өзге жанрларында еш қайталанбай, халық өмірінің сипатын және мифологиялық сипатын да жоғалтпаған жанр түрі болып саналады. Сондықтан да, адам бейнесінің тілдік сипаты мәселесіне келгенде, қиял-ғажайып ертегілерін де қарастырған жөн.

Қиял-ғажайып ертегілерінің басты ерекшелігі – оның бай қиял, фантазияға құрылатындығы. Сол себепті онда адам ақылына сыймайтын ғажайып дүниелер болуы мүмкін. «Қиял-ғажайып ертегілеріндегі басты тақырып – сиқырлы заттардың көмегімен бас қаһарманның небір ғажайыптар мен қиындықтарды жеңіп, мұратына жетуі. Мұның үстіне үнемі әділеттік жеңіп, зұлымдық әшкереленіп отырады»[2, 213]. Сол себепті ондағы кейіпкерлер образын жасау барысында оларға қажетті күш-қабілеттер ескеріледі. Олардың әртүрлі жақсы, жаман қасиеттеріне байланысты, сәтті шыққан бірқатар кейіпкер бейнесі фольклорлық әдебиетте өз орнын алды. Олар: *Желаяқ; Жезтырнақ; Шойынқұлақ; жалғыз көзді дәу; қара аяқ мыстан; екі аяғы жер сызған дәу; қу аяқ кемпір; жеті басты дәу; басы мүйіз адам; бөксесі киіз мыстан кемпір; ай десе ауызы, күн десе көзі бар ару; жалғыз көзді жалмауыз* және т.б. Бұл жерде кейіпкердің аты мен оның сипатталуында, ерекше бір қасиеттеріне байланысты дене мүше атауларының көркем қолданылғаны байқалады.

Соматикалық атаулар (дене мүше атаулары) арқылы тілімізде адам бейнесінен басқа да, оның эмоционалды-психологиялық жай-күйін, кейіпкердің ерекше қасиеттерін не батырлық қасиетін сипаттауда белсенді қолданылады. Мысалы:

Кемпір жатады. Түлкі тісті суға атады да, қазған шұқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір тұра келсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен қылып, бәйтеректі қаза береді (Алтын сақа).

Бабаханға беретін малың жоқ. Ханға қызыңды бер десең, ол саған ашуланып басыңды алады ғой (Жылан қабықты жігіт).

Тағы да жүріп келе жатса, алдынан екі көлдің суын екі ұртына ұрттап жүрген тағы бір дәу кез болады (Күн астындағы Күнікей қыз).

Балам, жылама! Судың ортасына барып бойлап қолыңды серме, сонда қолыңа есіктің тұтқасы ілінер, сол есікті аш та жүгіре бер (Жүсіп мерген).

Баяғы өткен заманда байлығы жұрттан асқан бір хан болыпты. Бұл ханның ұлы болмапты, жалғыз-ақ ай десе аузы, күн десе көзі бар Қанишайым атты бір қызы болыпты (Жеті өнерпаз).

Өздері ауыздап сөйлеспесе де, көздері біріне-бірі қадала қарағанда Бақнай, Данамыз дегенді сездірді. Келіп тұрған қыз – Дана. Қазақтың қыз мақтағанда айтатын алма мойын, қизаиш қас, нәркез көз сұлу қызы, ақылды қызы – осы Дана еді (Қанатты қара қасқа ат).

Соматикалық атаулар ертегілерде түрлі мән-мағына беруде қолданылады. Адам жасының шамасын және сырт келбетін сипаттауда сын есімге, іс-әрекетке немесе сипаттауға ерекше бояу беру үшін фразеологиялық тіркес құрамында да жұмсалады. Мысалы, *алтын шаш, жағыңнан алғыр, табаны тесілу, қара аяқ мыстан, көзін ойып алу, көзді ашып-жұмғаниша* және т.б.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі соматизмдерді теріп, атамас бұрын оларды адамның сыртқы дене мүшелері және ішкі ағза мүшелерінің атаулары деп бөліп алған жөн. Зерттеу жұмысы барысында нақты 20 қиял-ғажайып ертегісі нысанға алына отырып, мәтінде кездескен дене мүше атауларына статистикалық талдау жүргізілді. Нәтижесінде 40 соматикалық атау анықталып, олардың қолданылу жиілігі анықталды. Мәселен, *бас (40), аяқ (18), көз (52), сақал (5), қол (44), алақан (3), ұрт (7), өкпе (5), тіс (7), бұт (4), қолтық (2), табан (3), тамақ (3), тіл (9), ауыз (8), өкше (2), мұрын (3), бет (7), арқа (7), жүз (11), шаш (9), құлақ (3), мойын (5), жақ (1), іш (1), сүйек (1), бел (2), тізе (2), төс (1), қарын (1), емшек (2), бөксе (1), шынашақ (1), сан (сан еті) (1), тобық (5), жүрек (1), балтыр (1), қолтық (5), шынтақ (1), қас (1)*. Бұл статистикадан қиял-ғажайып ертегілеріндегі белсенді қолданылатын дене мүше атаулары: *көз, қол, бас, аяқ* екенін көреміз.

В.И. Даль өз сөздігінде халықтық анатомияда орын алатын баста орналасқан *бет, маңдай, көз, мұрын, жақ, ерін* секілді дене мүшелері екендігін айтып кетеді. Ғалымның пікірінше, мұндағы әрбір мүше белгілі бір рухани байланысты білдіреді: *маңдай* – тағдырдың сипаты (маңдайға жазғаны); *көз* – көрегенділіктің, санамен байланыстың белгісі; *құлақ* – тыңдау және түсінудің; *мұрын; мұрын* – жақсылықтың көрінісі; *екі беті* – адамгершілік деңгейінің көрінісі; *ерін* – руханилылығының бейнесі [3]. Демек, адамның тілдік бейнесін жасау барысында соматикалық атаулардың мағыналық тұсына назар аударған жөн.

Көз зат. – көру мүшесі [4, 173]. Халықтық терминологияда *көз* – дене мүшелерінің ішіндегі ең табиғи және адам жан дүниесіне, ішкі әлеміне есік ашар ерекшесі болып саналады. Қазақ халқының көздің өзі ғана емес, онымен бірге оның қарашығымен бірге қалыптасқан ұғымдар бар. Мысалы, *көздің қарашығындай сақтау*. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі лексикалық мағынасына назар аударсақ. Біріншіден, *көз* соматизмі уақыт өлшеміне, яғни кейіпкерлерге уақыт заңын жеңуге байланысты қолданылады. Мысалы:

Бала жан-жағына қарап, үңгірдің ішін еркіндікпен аралап жүрсе, жер астында жалғыз өсіп тұрған ағашты көреді. Сол арада алтын ағашты қолымен мықтап ұстайды да, екі аяғымен түпкі тамырын басып, екі көзін жұмады. Бала көзін ашып қараса, таң сарғайып атқан, алтын ағаштың хан есігінің алдында тұрғанын бір-ақ көреді (Күн астындағы Күнікей қыз).

Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғаниша жұртқа жетіп келеді (Алтын сақа).

- *Балам, тілегіңді берейін, көзіңді жұм!* – дейді. *Бала көзін жұмады. Бір уақытта: - Көзіңді аш!* – дейді шал. *Көзін ашып жіберсе, баяғы тілегінің бәрі қабыл болып қалыпты (Өуезханның қырық ұлы).*

Екіншіден, кейіпкердің жаман, не жақсы қасиетін баса көрсету мақсатында кейіпкер атауына қолданады. Мысалы: *Жалғыз көзді дәу, жалғыз көзді жалмауыз кемпір, жалғыз көзді дию.*

Жалғыз көзді дәу тұлпарынан түсіп, сарайда бөтен иістің бар екенін сезіп, жалғыз

көзі отша жайнап: «Кім бұл менің сарайымды иемденген, қазір көзіңді құртайын», - деп айғай салады (Жалғыз көзді жалмауыз).

Жалғыз көзді диюдің жеңілуіне екінші себеп қырық күн, қырық түн ұйқы көрмей, тамақ ішпей, ел шауып, неше түрлі зұлымдық істеп сарайына әбден әлсіреп келген екен (Жалғыз көзді жалмауыз).

Жігіт бәрібір өзінің аман қалмайтынын біліп сауыт-сайманын киіп: «Ей, жалғыз көзді жалмауыз, сарайдың иесі сен емес, мен,» - деп тәуекелге бел байлап айқасуға шығады (Жалғыз көзді жалмауыз).

Ал жағымды тұсына: күн десе көзі бар Күнекей. Көз – адам жанының айнасы дегендей, ертегідегі халық арманымен, игі ниетпен құрылған образдардың асқақ екендігін таныту үшін оның көзінің тартымдылығын айтса да жеткілікті болған. Себебі көз арқылы адамның ішкі әлемін көре аламыз.

Екі жігіт өзара кеңесіп, Жұмакелді бармақ болады. Жұмакелді жүгіріп отырып, қаланың шетіндегі бір жалғыз ақ үйге кіріп келеді. Ай десе аузы, күн десе көзі бар, бір сұлу қыз отыр (Кедейдің үш баласы).

Қол зат. Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ, алақаннан тұратын қолдың басы [6, 697]. «Қол» соматикалық атауы адамның тілдік сипатында алар орны бар. Халық ұғымында жақсы істі оң қолмен бастау, қолы ашық деп жомарт адамды атау, белгілі-бір істі жеңіл істеп беретіндерді қолы жеңіл деп атау т.б. қалыптасқан. Қол – іс-әрекеттер жүйесінің орындалуына көмекші болады. Қол лексемасының қазақ фольклорында алар орны ерекше.

Мыстан кемпір қолына екі шыны арақ ұстап шығады да, жолда желяяққа ішкізіп мас қылып, өзі жүгіріп кетеді (Күн астындағы Күнікей қыз).

Қолым жоқ, аң қуып жүрмін, бірақ ұстай алмаймын, - дейді аңшы (Асан батыр).

Жөн сұраса келгенде, бұл елдегі ханның қызы жұрттың өзіне теңдес балаларымен алтынмен құмар ойнап, жеңіп отырады екен. Сосын жеңілген кісіні өз қолымен шауып тастайтын болған. Осылайша халыққа зиян келтіріп отырыпты (Дәулет құс).

Қолына бір уыс топырақты алады да, кемпірдің алдынан өте беріп, топырақты көзіне шашып жібереді (Күн астындағы Күнікей қыз).

Сөйтіп отырғанда дәу күндегі әдеті бойынша құсын қолына қондырып, тазысын ертіп, атына мініп аңға шығып кетеді (Жылан қабықты жігіт).

Жандыбатыр келген беттен дәудің жон таспасын ханның қолына ұстата береді (Ұшар ханның баласы).

Қиял-ғажайып ертегілерінде байдың қолы, мыстанның қолы, дәудің қолы, батырдың қолы, олардың қызметтері де әр түрлі болып келеді. Біреуінің қолы жауыздыққа бейімделсе, бірінікі тек жақсылық жасап тұрады. Дене мүше атаулары халық мәдениетінің сипаты бола алатындығын мына мысалдардан көруге болады. Олар: менің қолым емес, пайғамбардың қолы; Қарияға сәлем беріп қолын алады; қол беріп дос болуды ұсынады т.б.

Бас зат. анат. Адам не жануарлар денесінің кеудеден жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі [7, 10]. Адам дене бітімінің вертикальді орналасуы әлем құрылымын қайталайды: бас – аспан (күн), аяқ – жер, дене – аспан мен жердің арасындағы табиғат. Баста ми орналасқандықтан, адамның барлық мүшесін басқарады. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі бас соматизмінің қолданысы мынадай:

Досы Жандыбатыр басы мүйіз қара аяқ мыстанның қолынан пәлен күні қаза тапты (Ұшар ханның баласы).

Сол уақытта баланың ер екені анықталады да, бір санатына патша баланың басын кесуге бұйырады. Баланың басын алмақшы болған патша санаты баланың көрікті жүзінен есі ауып құлайды (Алтын балық).

Жерге салған басын да қозғауға шамасы келмей, тек қана үлкен көздерін жыпылықтатып жалыныш түрін байқатқандай болады (Қаракұсбай).

Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл, жеті басты дәу еді (Керқұла атты Кендебай).

Ертегілерден бастың жауапкершілігі өте зор екендігін көреміз. Басты адамның өмірімен теңестіру байқалады. Әрбір дұрыс және қате ісі үшін кейіпкерлердің не басы кетеді, не басына алтын құяды. Халқымыз басты, баста өсетін шашты да қадірлейді. Осындай киелі ұғымымен қатар, тәрбиелік мәнді қиял-ғажайып ертегілерінен де көре аламыз.

Келіншегі Зәузәмір дарияның шетіне барып басын жуса, бір тал шашы суға кетеді. Келіншек артынан қуса да ұстай алмай қалады. Шап аққаннан ағып отырып, төменгі жақта тұратын ханның қол астындағы бір балықшының қармағына ілінеді. Алтын шашты іліктірген балықшы оны ханға тарту қылады (Ұшар ханның баласы).

Аяқ зат. анат. Жүру, тұру қызметін атқаратын жамбас белдеуі мен еркін қозғалатын сүйектерден тұратын адамның дене мүшесі [5, 312]. Қазақ халқы аяқты о дүние мен өмірге қатысты ұғымдарда қолданады. Аяқтың қозғалысы – өмір сүрудің, тіршіліктің белгісіндей. Осыған байланысты: аяққа тұру, аяқтан жан кету, аяғын шалыс басу, аяқтан шалу, бір аяғы көрде секілді т.б. ұғымдар қалыптасқан.

Бір күні далада аң аулап жүргенде оған қу аяқ кемпір кез болады. Кемпірді көріп хан аяп, өз үйіне қызмет қылуға әкеп қояды (Сықырлы тас).

Бір уақытта сол топтың ішінен басы мүйіз, түріне адам қарағысыз, сұмпайы, қарға тұмсық, қара аяқ бір мыстан: «Мен білем, маған бір желмая бер, қызды алып келем», - дейді (Ұшар ханның баласы).

Ұйқылы-ою Асан тұра жүгіргенде ортанышы ағасы қылышпен салып қалады. Қылыш Асанның аяқтарын қырқып түседі (Асан батыр).

Қиял-ғажайып ертегілер мәтінінде актив қолданыстағы сөздер тобын соматикалық атаулар құрайтынын байқадық. Ондағы дене мүше атауларының қолданылу ерекшеліктері мынадай: жағымды және жағымсыз образдарды ашу үшін кейіпкер атауларын жасау барысында; кейіпкерлердің арман-мақсатына жетуі кезінде орындалатын жақсы, немесе жаман әрекеттерді жүзеге асыру барысында ұтымды жұмсалуды. Фольклорлық туындыларымыздағы адамның тілдік бейнесі арқылы, ондағы соматизмдердің тиімді қолданысы халқымыздың рухани дәрежесінің бір көрсеткіші болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев/ Алматы: «Ана тілі» 1996. – 240 бет.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Оқулық, 4-басылуы. – Алматы, «Санат», 1996, - 368 бет.
3. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: в 4 т. / В.И. Даль. - М.: Русский язык, 1978-1980.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст. Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. 8-том. – Қ – Қ. – 744 бет. 173-бет.
5. /Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст. Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. 8-том. – Қ – Қ. – 744 бет. 173-бет./
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст.: Ә.Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. 9-том. – Қ – Қ. – 744 бет. 697-бет.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст.: Ә.Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. 9-том. – Қ – Қ. – 744 бет. 697-бет.